

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ**

**ТҮРІК ТІЛІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ**

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, мазмұны, негізdemесі және қысқартылған сөздер

Мақсаты

1-бап. (1) Осы регламенттің мақсаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығының мақсаты, міндеттері, басқару органдары мен іс-шараларына байланысты ережелері мен тәртібін реттеу болып табылады.

Қолдану аясы

2-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығының мақсаты, міндеттері, басқару органдары, іс-шаралары және жұмысына байланысты ережелер мен тәртіпті қамтиды.

Негізdemесі

3-бап. (1) Бұл регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 15 және 16-бабына сай дайындалды.

Қысқартылған сөздер

4-бап. (1) Осы регламентте аталған:

- a) Кеңесші: Кафедраларда жүргізілген сабактар, жобалар, тәжірибелер және т.б. оқу-білім іс-шараларын жүргізетін оқытушылар;
- b) Орталық директоры: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығының директорын / ТүрТЕП терағасын;
- c) Орталық/ТүрТЕП: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығын;
- d) Өкілетті Кеңес: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі;



- е) Өкілетті Кеңес төрағасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті Өкілетті Кеңес төрағасын;
- ф) Бағдарлама/мамандық: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталық тарапынан үйлестіріletіn және диплом беріletіn арнайы орта біlіm, бакалавриат жәne магистратура бағдарламаларын / мамандықтарын;
- г) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің Президенті;
- х) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің I Вице-президенті,
- и) Сенат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің Сенаты,
- ж) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетін;
- к) Басқару Кеңесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталық / ТұрTEП Басқару Кеңесі мағынасын білдіреді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Орталықтың мақсаты мен міндеттері

Орталықтың мақсаты

5-бап. (1) Орталықтың мақсаты университетте жүзеге асырылған қашықтықтан білім беру шараларының одан әрі белсенді және пайдалы жүргізілуін қамтамасыз ету, қашықтықтан білім беруге байланысты зерттеу, дамыту және жүзеге асыру жұмыстарын жүргізу, мекемелер мен ұйымдардың қашықтықтан оқытуда қажеттілік және қалауларына көмек беру, арнайы орта білім, бакалавриат және магистратурада интернет арқылы сабактар мен бағдарламаларды дамыту, орындалуын және үйлестіруді қамтамасыз ету, күндізгі білім сабактарына интернет арқылы қолдау көрсету, интернет арқылы білім жолымен жүргізіletіn және бітіргендеге сертификат беріletіn бағдарламалар ашу, жүргізу, жеке саладағы мекемелердің білім бағдарламаларын интернет арқылы оқуға бейімдеу және қашықтықтан оқыту жүйелерінің дамуына үлес қосу, қашықтықтан оқытуға байланысты жинақталған ақпаратпен мекеме және ұйымдармен бөлісу болып табылады.

Орталықтың міндеттері

6-бап. (1) Орталықтың міндеттері төмендегідей:

- а) Қашықтықтан оқытуға байланысты зерттеу, дамыту және жүзеге асыру жұмыстарын жүргізу;



- b) Университет тарапынан қашықтықтан оқыту арқылы жүргізілетін бағдарламалардың стандарттарын анықтау, сабактардың мазмұнын дайындау, жүргізуі мен үйлестіруін қамтамасыз ету, оқытуды басқару жүйесі мен ұсынушы инфрақұрылым негіздерін дайындау;
- c) Кәсіптік жоғары оқу, жоғары оқу, факультет және институттарда жүргізілетін қашықтықтан оқыту бағдарламаларының орындалуын және үйлестірілуін қамтамасыз ету;
- d) Университет құрамында оқытылатын сабактардың қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы берілуіне байланысты ұсынystарды талқылау, үйлестірілуін жасау, орындалуын қамтамасыз ету және осыған байланысты негіздерін белгілеу;
- e) Университет ішіндегі және университет тысындағы жобаларды қажетті бағдарламамен қамтамасыз ету, автоматтандыру жүйелері мен дәрістердің мазмұнын жасау, аккредитация жұмыстарын жүргізу, бұл тақырыпқа байланысты кеңес беру және қажетті үйлестіруді қамтамасыз ету;
- f) Ақпараттық қоғамға өту кезеңінде мемлекетіміздің дамуына және жетілуіне көмекші болатын білімнің интернет арқылы/қашықтықтан оқыту арқылы кең таратылуы үшін ғылыми және технологиялық зерттеулер жасау немесе ұсыну;
- g) Қашықтықтан оқытуға байланысты мерзімді және мерзімсіз басылымдар жариялау;
- h) Қашықтықтан оқытуға байланысты зерттеулер және іс-шараларда жергілікті және шетел ұйымдарымен ынтымақтасу, қажетті салаларда сертификат беретін қоғамдық бағдарламаларды ұйымдастыру, өмір бойы оқуды қоғамға қабылдату;
- i) Орталық тарапынан жүргізілетін арнайы орта білім, бакалавриат және магистратура бағдарламаларының немесе кафедраларының ашылуы үшін университет Сенатына ұсыныс беру.

ҰШІНШІ БӨЛІМ

Орталықтың органдары мен міндеттері

Орталық органдары

7-бап. (1) Орталықтың басқару органдары төмендегідей:

- a) Орталық директоры
- b) Басқару Кеңесі
- c) Кафедра менгерушілері
- d) Академиялық бағалау кеңестері
- e) Орталық хатшысы

Орталық директоры

8-бап. (1) Орталық директоры ректораттың ұсынысымен Әкілетті Кеңес төрағасы тарапынан үш жылға тағайындалады. Мерзімі аяқталған орталық директоры қайтадан



сол қызметке тағайындалуы мүмкін. Орталық директоры тағайындалған тәртіппен қызметінен алына алады. Орталық директоры жұмысында өзіне көмекші ретінде екі кісіні Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен директор орынбасары қызметіне тағайындей алады. Орталық директорының уақытша қызмет орнында болмаған жағдайда орнына директор орынбасарларының бірі, егер олар да болмаған жағдайда Басқару Кеңесі мүшелерінен ең жоғары лауазымды тұлға уақытша осы қызметті жүргізеді.

Орталық директорының міндеттері

9-бап. (1) Орталық директорының міндеттері төмендегідей:

- a) Орталық міндеттерінің белсенді түрде атқарылуын қамтамасыз ету,
- b) Басқару Кеңесін жиналышқа шақыру, төрағалық ету және қабылданған шешімдерді орындау,
- c) ТұрТЕП бағдарламаларының оқыту, сынак, өлшеу және бағалау қызметтерін жүргізу, техникалық құрылымдарды дайындау, жалғасын қамтамасыз ету, қажетті басқару және академиялық бөлімдерді құру,
- d) Орталықтың жұмыс, мақсат және жоспарларымен жылдық есебін дайындау және Басқару Кеңесінің пікірін алғаннан кейін Өкілетті Кеңес төрағасына ұсыну,
- e) Орталықтың академиялық және әкімшілік жұмыстарын жүргізу, қызметкерлердің қажеттіктерін анықтау, қажетті бірліктерді құру және Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуіне ұсыну,
- f) ТұрТЕП бағдарламаларын бітірген студенттерге уақытша бітіру құжаттарына қол қою,
- g) ТұрТЕП студенттерінің дипломдарын дайындау, тиісті арнайы орта оқу және институт директоры немесе факультет деканы мен ректордың бекітілуіне ұсынылуын қамтамасыз ету,
- h) Мемлекеттің іші мен сыртында зерттеу және қолданбалы орталықтарымен ынтымақтастық құру,
- i) Тиісті занамалар шеңберінде мемлекет іші мен сыртында мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан кеңесшілерді белгілеу.

Басқару кеңесі

10-бап. (1) Басқару кеңесі, орталық директоры, директор орынбасарлары мен орталық директорының кафедра менгерушілері арасынан ұсынған ұміткерлерден Өкілетті Кеңес төрағасы таңдайтын екі мүшемен қоса жалпы бес кісіден тұрады. Орталық директоры, Басқару Кеңесінің төрағасы болып табылады. Басқару кеңесі Орталық директорының шақыруымен абсолюттік көпшілікпен жиналады және шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады.



Басқару Кеңесінің міндеттері

11-бап. (1) Басқару кеңесінің міндеттері мыналар:

- a) Орталықтың басқарылуына байланысты шешімдер қабылдау,
- b) Өкілетті Кеңес басқармасына ұсынылатын жылдық іс-шаралар есебін талқылау,
- c) Зерттеуші және жүзеге асыруши мамандардың, қашықтықтан оқытуға байланысты зерттеу, жариялау және ғылыми жиналыстарға қатысу үшін жасалынатын қаржылай көмек сұраныстарын қарастыру,
- d) Орталыққа келген жұмыс және жоба ұсыныстарын талқылау және ұсыныстар беру,
- e) Орталық үшін қажетті деп табылған әкімшілік және академиялық жұмыс топтары мен комиссияларды құру,
- f) Орталық міндеттерінің орындалуы үшін көмек беру және шешімдер қабылдау.

Кафедра менгерушілері

12-бап. (1) Кафедра менгерушілері жүргізілудегі бағдарламалар үшін орталық директорының ұсынысы мен ректор өкілінің бекітуімен З жылдық мерзімге тағайындалады. Кафедра менгерушілері бағдарламаның әр деңгейіндегі оқыту және академиялық жұмыстарды жүргізеді.

Академиялық бағалау кеңестері

13-бап. (1) Қажет болған жағдайда жүргізілудегі әр бір бағдарлама үшін кафедра менгерушісінің төрағалығында орталық директоры тарапынан белгіленген ең кемінде үш, ең көбі бес кісіден тұратын Академиялық бағалау кеңестері құрылады. Академиялық бағалау кеңестері оқыту бағдарламаларының жасалуы, жаңалануы, бағдарлама үшін авторлық құқылы енбек жазатын оқытушыларды белгілеу сияқты академиялық іс-шаралар туралы орталық директорына ұсыныстар жасайды.

Орталық хатшысы

14-бап. (1) Орталықтағы барлық әкімшілік жұмыстардың жүргізуін, үйлестірілуін және бақылауын жасайды.

(2) Орталықта жұмыс жасайтын әкімшілік, техникалық және көмекші қызметкерлер арасында ішкі жұмыс бөлінуін қамтамасыз етеді.

(3) Ұйым/мекеме және кісілерден келген хаттарға жауап берілуі үшін қажетті жұмыстарды жүргізеді, орталықтағы студенттердің оқу жұмыстарының жүйелі түрде жүргізуін қамтамасыз етеді, қызметкерлердің жеке құжаттарын және есептерін толтырады.



(4) Өкімшілік қызметкерлердің жылдық демалыстарын орталықтың жұмыстарына кері әсерін тигізбейтіндей реттейді.

(5) Орталық директорының қызмет аясында берген басқа жұмыстарды атқарады.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Соғыс және басқа да ережелер

Күшін жойған ережелер

15-бап. (1) Бұл регламент күшіне енген уақыттан бастап Өкілетті Кенестің 2009 жылғы 5-қарашадағы 35-мәжілісінде қабылданған (11.1-шешім) «Ахмет Ясауи университеті Түркістан қашықтықтан білім беру факультетінің (ТҚББФ) құрылымы мен жұмыс істеу регламенті» күшін жояды.

Күшіне енү

16-бап. (1) Бұл регламент 2012-2013 оқу жылында өз күшіне енеді.

Жүзеге асыру

17-бап. (1) Осы регламенттің ережелерін университеттің ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кенес мәжілісінің		
Күні: 02/ 06/ 2012	Мәжіліс № 42	Шешім № 17.2.32

